

#19

(955)
14 шілде
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews


vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

**«ТАРИФТИ
ИНВЕСТИЦИЯҒА
АЙЫРБАСТАУ»
ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ
АСАДЫ?****2-БЕТ****ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТКІЗБЕГЕН
«ЖЕҢІС»****4-БЕТ****ҚОЙ КӨП ПЕ,
ҚОЙШЫ КӨП ПЕ?****5-7-БЕТ**Қазақстанда
30 ЖЫЛ**Табысты серіктестікке
30 ЖЫЛ****Болашаққа бірге ұмтыламыз**

Біз 1993 жылы Қазақстанмен еріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында**the
human
energy
company**

BRENT \$75.20

USD 443,5 T

EUR 493,5 T

RUB 4,87 T

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЫЛУ, ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ, СУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ (ТКШ) ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. ОСЫ МӘСЕЛЕНІ ТАҒЫ ДА ПЫСЫҚТАУ ҮШІН ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА «ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАСТАУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ. ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ТКШ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ӨТЕ КҮРДЕЛІ ЕКЕНІН АЙТТЫ. БАРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АУҚЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯ ҚАЖЕТ. ӨЙТКЕНІ КӨБІ ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНАН БЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕДІ.

«ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАСТАУ» ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?



Әлихан СМАЙЫЛОВ,
Премьер-Министр:

«Тарифтерді өсіру – қажеттілік. «Тарифті инвестицияға айырбастау» қағидатын енгізсек, тарифті өсіруден түсетін пайда біреудің қалтасына кетпей, тікелей өндірісті жаңғыртуға жұмсалатынына сенімді боламыз. Жаңа тарифтік саясат ашықтық, есептілік және жариялылық принциптеріне негізделеді. Тиісті заңнамалық түзетулер, нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Тарифтердің өсуі аз қамтылған отбасы табысына әсер етпейді. Жергілікті бюджет есебінен коммуналдық қызмет ақысын төлеу үшін тұрғын үй көмегі беріледі. Ол коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстар отбасының ай сайынғы орташа жиынтық табысының 10%-нан асып кеткен жағдайда төленеді. Қазір орталық және жергілікті атқарушы органдар коммуналдық секторда ауқымды жұмыстар жүргізуде. Сол себепті бірде-бір өңір жылыту маусымында апаттарға жол бермеуі тиіс».

ИНФОГРАФИКА

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫ



Тозу деңгейі 65%-дан жоғары → 27 кәсіпорын
Инвестициялық бағдарламаға енген → 24 кәсіпорын
Инвестиция → 112 млрд теңге
Күтілетін нәтиже → желілердің тозуы – 58%-тен 55%-ке дейін төмендейді
6 кәсіпорын қызыл аймақтан шығады

ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫ



Тозу деңгейі 70%-дан жоғары → 19 кәсіпорын
Инвестициялық бағдарламаға енген → 16 кәсіпорын
Инвестиция → 92 млрд теңге
Күтілетін нәтиже → желі тозуы 64%-тен 62%-ке дейін төмендейді

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫ



Тозу деңгейі 70%-дан жоғары → 15 кәсіпорын
Инвестициялық бағдарламаға енген → 13 кәсіпорын
Инвестиция → 29,5 млрд теңге
Күтілетін нәтиже → желі тозуы 63%-дан 58%-ға төмендейді
2024 жылы қызыл аймақтан 8 кәсіпорын шығады

СУ БҰРУ САЛАСЫ



Тозу деңгейі 70%-дан жоғары → 26 кәсіпорын
Инвестициялық бағдарламаға енген → 23 кәсіпорын
Инвестиция → 15,3 млрд теңге (2023 ж.)

Инженерлік инфрақұрылымның тозу деңгейі қызыл аймақ, сары аймақ, жасыл аймақ болып үш топқа бөлінді. Жылумен жабдықтауда желілердің тозу деңгейі жоғары қызыл аймақтағы кәсіпорындар үшін инвестицияларды тарту басым тәртіппен жүргізіледі.

**ЖАЗ ШЫҒА ҰЯЛЫ
БАЙЛАНЫСТЫҢ БАҒАСЫ
АҚЫРЫНДАП КӨТЕРІЛЕ
БАСТАДЫ. МӘСЕЛЕН, 1800
ТЕҢГЕНІҢ ТАРИФИ – 3000
ТЕҢГЕ, 3790 ТЕҢГЕНІҢ ТАРИФИ
4990 ТЕҢГЕ БОЛДЫ. СӨЙТІП
ЕЛІМІЗДЕГІ ІРІ ПРОВАЙДЕРДІҢ
БІРІ «БИЛАЙН» БАҒАНЫ БІРДЕН
1200 ТЕҢГЕГЕ ҚЫМБАТТАТЫП
ЖІБЕРДІ. ОСЫДАН
КЕЙІН ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС
НАРЫҒЫНДАҒЫ БАҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН РЕТТЕУ
ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫ ҚАЛАЙ
ҚҰПТАМАЙСЫҢ?**

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (БҚДА) дайындаған құжат дәл осыны көздейді. Өйткені бағаны өсіріп, тұтынушы пайдаланбайтын қызметті тықпалауға, ең бастысы, байланыс пен интернет сапасына қатысты шағым көбейген. Былтыр цифрлық даму, инновация және аэроғарыш министрлігі байланыс сапасы бойынша 1500 тексеру жүргізіп, 3,04 млрд теңгеге айыппұл салған екен.

Ал компаниялар процессуалдық құқығын пайдаланып, сот ісін барынша созбақтатуға тырысады. Сондықтан БҚДА нарықтағы монополиядан арылғанға дейін ұялы байланыс қызметінің бағасын мемлекет тарапынан реттеу керек дейді. Мұнысы орынды. Себебі біздегі операторлардың баға құрау саясаты бұлдыр. Кәсіпкерлік кодекстің 116-бабы, 3-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, қоғамдық маңызы бар нарықтағы тауар, жұмыс және қызмет көрсету бағасы мен тарифтерін мемлекет реттейді. 2017 жылға дейін цифрлық даму министрлігі ұялы байланыс қызметін өзі реттеп отыратын.

Қыста БҚДА цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне ұялы оператордың бағаны біржақты өзгертуіне тыйым салу туралы ұсыныс жасаған болатын. Мұндай шешімді тұтынушылар, яғни бесіктен

белі шықпаған баладан еңкейген қарияға дейін қуана құптайтыны анық. «Интернет инесіне» отырған халайық нарықта орнығып алған санаулы оператордың қызметіне жүгінуге мәжбүр. Бәсеке жоқ – таңдау жоқ. Тұтынушы таңдай алмаса, қызмет ұсынушы тайраңдамағанда не істейді? Қызық болғанда, ұялы байланыс пен интернет бағасына цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі ықпал ете алмайтын көрінеді. Олар тек байланыс пен интернет сапасын қадағалай алады.

Сапа демекші, оған жауапты министрлік бұл мәселені әлі шеше алмай отыр. Сол үшін де осы аптада Президент

Екінші сылтауы ұялы байланыс бағасына келіп тіреледі. «Біз әлем бойынша интернеті арзан 20 елдің қатарындамыз, – дейді ол. – Бірақ арзан байланыс оператор үшін тиімсіз. Бұл – бизнес, ал бизнесті дамыту үшін инвестиция керек. Егер табыс аз болса, дамытуға қаражат та жоқ. Демек сапа да болмайды... Желі төсеуге арналған «темірдің» бағасы да қымбаттап

САПАСЫЗ БАЙЛАНЫС, ШАБАН ИНТЕРНЕТ



Қасым-Жомарт Тоқаевтан министр Мусин сөз естіп тынды. Мемлекет басшысы сапасыз байланыс пен шабан интернет қала экономикасына залалын тигізіп, Астана қонақтарына жаман әсер қалдыратынын айтты.

Бағдат Мусин әдеттегідей «екі сылтау, бір желеуін» кесекөлденең тартты. Олар – радиофобия мен арзан интернет. Оның айтуынша, Еуропа мен Америкадағы тұрғындар бір бейнежазбаны ашпас бұрын бұл өзіне керек пе, жоқ па деп ұзақ ойланады екен. Құр босқа мегабайтын құртып, ақшасын жоғалтқысы келмегендіктен. Ал бізде жұрт «ғаламтордан шықпайды». Интернеттің кібіртіктеп, сапасының сын көтермейтіні содан дейді.

жатыр. Сондықтан тарифті шектесек, сала тұралайды», – дейді министр. Мұндай жағдайдың қалыптасуына 10 жыл бұрын алдағыны ойламаған шенеуніктерді кінәлайды. Ал өзінің министрлікті басқарғанына биыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде ұялы байланыс пен интернет сапасы жақсармақ түгілі, одан бетер нашарлап кеткендей (кей жерде ол да жоқ). Министрлік «тәртіпке шақырудың» сенімді тәсілі айыппұл ма дейсің. Биылғы 22 маусымға дейін жоспардан тыс 308 тексеру жүргізіліп, 1 млрд 244 млн теңге айыппұл салынған. Монополистердің ол қаржыны кімнен өндіріп алатынын аңғару қиын емес.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

«ҚАРА АЛТЫН»

КАСПИЙ КЕНІШТЕ МҰНАЙ ТАБЫЛМАДЫ. НАҚТЫРАҚ АЙТСАҚ, ТЕҢІЗДІҢ ЕЛІМІЗГЕ ТИЕСІЛІ БӨЛІГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН «ЖЕҢІС» ҚҰРЫЛЫМЫНДА ҰҢҒЫМА ҚАРА МАЙҒА «МАЛШЫНБАЙ», ҚҰРҒАҚ БОП ШЫҚТЫ. БҰЛ «ҚАРА АЛТЫН» ІЗДЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН 50 МЛН ДОЛЛАР КӨЛЕМІНДЕГІ ҚАРЖЫ ЗАЯ КЕТТІ ДЕГЕН СӨЗ. АЗ АҚША ЕМЕС, ӘРИНЕ. ТЕРІСТІК КӨРШІМЕН ӨЗАРА ТИІМДІ, БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІКТІ ҚАЛАМАЙТЫН, ӨЗІМІЗДЕН ГӨРІ ӨЗГЕНІҢ МҮДДЕСІН КӨБІРЕК КҮЙТТЕЙТІН МЫСЫҚТІЛЕУЛЕС АҒАЙЫН АЛАҚАЙЛАП, ҚУАНЫП ЖАТЫР. ДЕГЕНМЕН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СҮЙЕНСЕК, МҰНДАЙ ТӘУЕКЕЛІ МОЛ КҮРДЕЛІ ІСТЕ ҚОЛҒА АЛҒАННЫҢ БӘРІ НӘТИЖЕ БЕРМЕЙТІН ЕСКЕРГЕН ЖӨН. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, БІЗДІҢ ТАРАПЫМЫЗДАН ҚАРЖЫЛАЙ ШЫҒЫН ЖОҚ. ОҒАН МАҚАЛА БАРЫСЫНДА ТОҚТАЛАМЫЗ.

өндіріс есебінен қайтарады. Ал геологиялық барлау нәтиже бермеген жағдайда әлгі шығын өтелмейді. «Қаржылай шығынымыз жоқ» деуіміздің мәнісі осы.

Айта кету керек, геологиялық барлауда нақты нәтижені дөп басып айту қиын. Бұрғылау қорытындысы бойынша көмірсутегі қоры болжанған көрсеткіштен аз, кейде тіпті ұңғыма бос болып шығуы да ықтимал. Осыған орай, «ҚазМұнайГаз» мамандары әлемдік статистикаға сәйкес, болжам деңгейі 20-30 пайызды құраса, табысқа

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗБЕГЕН «ЖЕҢІС»



Фото: inbusiness.kz

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының баспасөз қызметі таратқан деректе жобаның операторы «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС және «Лукойл Қазақстан Апстрим» ЖШС екендігі айтылған. Осы геологиялық барлау бағытындағы оффшорлық мұнай-газ жобасына аталған компаниялардың жобаға қатысу үлесі бірдей (50/50).

Жағалаудан 80, ал Ақтаудан 180 шақырым қашықта жатқан, аумағы 6848 шаршы метрді құрайтын «Жеңіс» кенішінде мұнай барлау, сондай-ақ бұрғылау жұмысын қаржыландыруды көздейтін келісімге 2018 жылғы 30

қарашада қол қойылған. Әу баста теңіздегі бізге тиесілі аумақтың оңтүстігінде 100 млн тонна шартты отын бар деген болжам жасалды. Еліміздің энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» және Ресейдің «Лукойл» компаниясы арасында жасалған келісімшарт мерзімі – 34 жыл. Оның 9 жылы мұнай барлауға, қалғаны өндіріске арналуы тиіс-тұғын. Құжатқа сәйкес, геологиялық барлауға қатысты жұмыс керри-қаржыландыру (*carry-financing*) тәсілімен жүзеге асырылды. Бұл әдіс бойынша серіктес («Лукойл») жобаның өнім іздеу кезеңін (100 пайыз) қаржыландырады. Компания салған инвестициясын болашақ

жету әбден мүмкін деп есептейді. Бұл тәуекелге барып, инвестиция тартуға негіз бола алады.

Еліміздегі бірқатар жобаға, соның ішінде мұнай өнімдерін шығаруға инвестиция салған «Лукойлдың» жеңіске жеткізбеген «Жеңіске» үлкен үміт артқаны белгілі. Өйткені ол компанияның «ҚазМұнайГазбен» бірге құрған «Центральный» және «Хвалыньское» сияқты теңіздегі өндіріс ошақтарына жақын жерде. Бұған қоса, 2018 жылы Қазақстан үкіметінің Каспий шельфінде геологиялық барлау жүргізетін инвесторларға елеулі салық жеңілдігін енгізу жөніндегі шешімі тартымды ұсыныс болатын. Ресейлік мұнай алпауыты «Жеңістен» кеткенімен еліміздегі жұмысын тоқтатқан жоқ. Компания «Эл Фараби», «Қаламқас-теңіз», «Хазар-Әуезов» сияқты кеніштерді игеріп жатыр.

Біздегі кеніштердің біразы байырғы. Қоры сарқылып барады. Сондықтан қандай да бір сәтсіздікке қарамастан, қазба байлықты іздеу жалғаса беруі тиіс. Өйткені тәуекелсіз жеміс жоқ.



СРАЙЫЛ СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУШЫ

**БҰЛ СҰРАҚТЫҢ ӨЗІ ҚЫЗЫҚ
СҰРАҚ. МЫНА НАРЫҚ
ЗАМАНЫНДА КІМ НЕМЕН
АЙНАЛЫСАМЫН, НЕ ІСТЕЙМІН
ДЕСЕ ДЕ ӨЗІ БІЛІП, ӨЗІ ШЕШЕТІН
БОЛДЫ. ҚОЙ БАҒА МА, ЖОҚ,
ТҮЙЕТАУЫҚ АСЫРАЙ МА, ӘЛДЕ
БАЛЫҚ ӨСІРЕ МЕ, ӘРКІМНІҢ
ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ, БОЛМАСА,
ТАБЫС ПЕН ПАЙДАҒА
КЕНЕЛТЕТІН БЕЙНЕТТІ ТІРЛІККЕ
ЖЕГІЛУДІҢ ТҮРІН ТАҢДАУ ӨЗ
ЕРКІҢІЗ БЕН ХҰҚЫҢЫЗ. ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ
ДӘСТҮРІНДЕ МАЛ ӨСІРІП,
ТӨРТ ТҮЛІКТІ АСЫРАП, ОНЫ
БАҒУ – ЖАН БАҒУДЫҢ АТА
ЖОЛЫ, МОЛ БАЙЛЫҚ-
ДӘУЛЕТТІҢ КӨЗІ, ТІРШІЛІКТЕ
АТАДАН БАЛАҒА ЖАЛҒАСҚАН
БАЙЫРҒЫ КӘСІБІ. БҰЛ ЖАЙ
ҒАНА БІР ШАРУА АДАМЫНА
ТӘН КӘСІП ЕМЕС. КЕЗІНДЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ
ІРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ ҒЫЛЫМИ-
ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ АРҚАУ БОЛҒАН,
ДАМЫҒАН САЛАНЫҢ МӘН-
МАҢЫЗЫН ЖІЛІКТЕП ТАЛДАҒАН
ЖҮЗДЕГЕН, МЫҢДАҒАН
САРАПТАМА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ
ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАНШАМА
ТӨГІЛГЕН ТЕР, ЖҰМСАЛҒАН
ҚАРЖЫ, ТЫНЫМСЫЗ
ІЗДЕНІСТЕРДІ КӨЗ АЛДЫҢА
ЕЛЕСТЕТІН БОЛСАҢЫЗ,
ҰЛАНҒАЙЫР ТІРЛІКТЕН ТАУ
ТҰРҒЫЗҒАН, ТАБЫСЫ КӨЛ-
КӨСІР ӨМІРГЕ ҚАЙРАН
ҚАЛМАСҚА ШАРАҢЫЗ ЖОҚ.
МЫҢҒЫРТЫП ҚОЙ БАҚҚАН
АДАМ КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕ ЗОР
ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ. ЕҢБЕК
ЕРІ АТАНДЫ О ЗАМАНДА.
ҚОҒАМ МАЛЫ – ҚОЙ САНЫН
ЕЛІМІЗДЕ 50 МИЛЛИОНҒА
ДЕЙІН ЖЕТКІЗЕМІЗ ДЕГЕН
«АДАМ ЗОРЫҚТЫРАТЫН» ҰРАН
ТАСТАЛДЫ. ЕНДІ ОЛ ӨТТІ, КЕТТІ.**




Ал қазіргі таңда қоғам малы деген түсінік жоқ, мал біткен жекеменшік. Мал байлығына кенелген дәулетті кісілердің жаңа шоғыры пайда болды. Бай қазақтармен бірге төрт түлік өсіруге басқа да ұлт өкілдері белсене араласып, әсіресе, олар сиыр сауу мен жылқы өсіруде көл-көсір пайда тауып келеді. Бір ғана Қарағанды облысындағы «Шанс» деп аталатын кооперативтің қарамағында 3 мыңнан астам жылқы бар, мыңдаған гектар жеріне

картоп егіп, тұқымды шаруашылықтың іргелісі болып отырғанын айтайық. Оны басқарып отырған неміс азаматы еді. Алматы облысы, Балқаш ауданында кешегі құрылысшы Дүйсен Нұрлановтың қарауында 5 мың сиыры болғаны да есте. Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданының түлегі Сайранбай Дөненбаев басқаратын «Шаушен» шаруашылығында 40 мыңнан астам қой болды. Қарапайым және дарқан көңілді, батыр тұлғалы жігіттің атақ-даңқы ілезде

алысқа кетті. Өзінің туған ауылын керемет гүлдендірді. Малшы балаларына интернат үйін салып берді, әр қойшыға жеке үй сыйлады. Меценаттық пейілі де асып түсті. Ерен еңбегі үшін ол «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Бұл біздің журналистік қызмет барысында көзбе-көз куә болған жағдайлармен еске түсіп отырғандары. Әйтпесе, Торғай мен Қызылордада, Семей мен Көкшеде, Түркістан мен Ақтөбеде, Атырауда, Жетісуда және басқа да өңірде мал өсірумен дүние көзіне ие бай ағайындар өте көп. Қазақстанда биылғы 2023 жылдың алғашқы жартыжылдығы бойынша қой саны 25,9 млн-ға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,1 пайызға өскен. Қойдың ең көбі Түркістан облысында (5,9 млн), одан кейін тізім басында Жамбыл облысы (3,9 млн) және Алматы облысы (3,2 млн) тіркелген. Бір қызығы, қой санының ең көп өсімі Астанада (39,4 пайыз), ал Алматы қаласында қой басы 21,6 пайызға азайған. Статистикалық есепке сүйенсек, қойдың тең жартысына жуығы жеке адамдар қолында, қалған бөлігі жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарында, шаруашылық кәсіпорындарында деп түсіндіріледі. Қой санын республикамыздың әр азаматына шаққанда 1, 3 қойдан келеді екен. Аз ба, көп бе, бағамдай беріңіз. Кезінде байтақ жерімізде қой саны 35 миллионнан асқан болатын... қойшы саны да мыңдап саналатын. Енді нарық жағдайында, жекеменшік қарым-қатынастар құқықтық жағынан қамтамасыз етілген кезеңде малшы мен жалшының қандай мәртебесі бар? деген сұрақ туындамай тұрмайды. Еңбек кодексінің талаптары бойынша жұмыс беруші мен жұмыс істеушінің арасындағы Еңбек шарты негізгі құжат болып табылады. Өз малын бағып жүрген

қарапайым еңбек адамдарын, яғни, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған кісілерге «малшы» деген мәртебені кім береді? Олар – жеке шаруа адамдары, бала-шағасын өз еңбегімен асырап жүрген жандар. Негізгі сұрақ: малшы кісілер кімдердің малын

деп тосын ой-ұсыныс айтуын әзірге жанашырлықтан гөрі жәй-жапсарды құқықтық жағынан түсінбестік қана деп қабылдауға тура келеді. Бүгіндері барлық облыстық телеарналардың эфирдегі жүгіртпе жолынан «Отбасымен малшы қажет» деген



бағып жүр? Бұл сауалдың негізіне терең үңілмеген бір депутаттың ай-шай жоқ, төтесінен: «Жиырма бес жыл өтілімі бар малшы адамды зейнетке шығару керек»

хабарламаны үздіксіз көруге болады. Қаншама жыл болды... Бұл мал бағатын кісілерге деген тоқтаусыз зәрулікті көрсетеді. Ауылда тұрақтап қалған

бейнетқор ағайындар мұның және жалпы мал бағудың қиын қатпарлары бұрынғыдан да қалыңдай түскенін бірнеше дәлелді себептерімен түсіндіреді. Ең бастысы, алыс ауылдарда ұжымдық жауапкершілік қағидасы өз мәнін жоғалтқан. Әркім өзіне-өзі қожа, артық-кемі бар бәсекелестік орын алған жерде қызғаныш пен оқшаулану жағы басым. Малшылар қоғамдық мәдени-рухани насихат жұмыстарынан шет қалуда. Жанқиярлықпен талай адамға жұмыс пен мардымды жалақы тауып беріп, мемлекетке мол салық төлеп, демеушілік етуге де қол ұшын берген дәулетті кісілерді көтермелеу, олардың таңдаулыларын мемлекеттік марапаттарға ұсыну мүлдем ұмыт қалған. Мемлекеттен беретін субсидия «тұрақты» пысықайлардан артылмайтын секілді. Ұсақ шаруашылықтардың бұл ретте мүмкіндігі төмен. «Айдалада ақ отау» демекші, жекелей мал баққан жанды іздеп жатқан кім бар? Бұл мемлекеттік деңгейде бағдарлама әзірлеп, ауыз толтырып айғақтап жүрген «Ауыл – алтын бесік» деп аялайтын жағдаймен еш сыйыспайды. Жалпы ауыл шаруашылығы министрлігі емес, тым болмаса облыстық деңгейде мал баққан, оның ішінде қой баққан кісілердің әлеуметтік-рухани келбеті мәселесін тақырып етіп алқалы, тиімді бір форум өткізгенін естідіңіз бе? Ашық ойласу мен пікірлесудің мәнін жете түсінбеу – шенеуніктердің кемшілігі.

Атақты жазушы Оралхан Бөкейдің «Құм мінезі» деген повесінде қойшы Барханның өмір бойы әділетсіздікке ұшырап, өз ісіне пәруана берілген өлермендігімен кеңшар малын бір қылшығын түсірмей, жылда-жылда өсірген үстіне өсіре берсе де, тым болмаса аудандық газетте аты бір

аталмапты ғой. Бір жайдақ медаль да бұйырмаған. Ал Сейітқұл (қоңсы қойшы) жылда бұдан жылу сұрап, қозысына қозы қосып алады да, озат шопан атанып, республикалық газеттердің бетінен түспейді. Бұл да қазір өткен шақтың суреттері ғана ма, ұқсас түйткілдері әлі де сезіледі.

Қазір де шопанның айтары аз емес. Қойдың жүні мен терісі ана заманда аса қажетті тауар еді. Енді обал, шалғайдағы ауылдарда қаракөл қойдың жүні ескі қора маңында үйіліп жатыр немесе амал жоқтықтан оны өртейді, ал терісі құнсызданып кеткен. Айта-айта жауыр болған тақырып. Жеңіл өнеркәсіп дамымай, бұл мәселенің түпкілікті шешілуі екіталай. Шабындық пен жайылым жетіспеушілігі мен тиімді пайдалануы туралы көзбе-көз айтары аз ба? Сосын тағы бір жағдай бар. Құжат бойынша «жалақы алмайтын» малшы-жалшының денсаулығына кепілдік беретін медициналық сақтандыруды кімдер қадағалайды? Иә, жасыратын несі бар, жаз бен күзде ғана, науқан кезінде ғана қала жақтан келіп уақытша мал бағатын кісілерге жалақының төлену тәртібі де беймәлім. Міне, осындай шешімін күткен жағдайларды талқылап, орын алған сын мен мінді түзетіп, әділеттілікті қауымдасып айтудың маңызы зор деп айтуға болады. Шынтуйтына келсек, нарық заманында жеке малшылар мүддесі туралы сирек айтылады. Олар да осы қоғамның мүшесі болуына қарамастан, шет қалғандай. Себебі, олардың қоғамдық белсенділігі, өзін қорғау жағы әлсіз. Тарыққан тұрмыс пен қиын тіршіліктің, тәуелді күнкөрістің тасасында қалып барады. Сондықтан да олардың жұмыс істеуші еңбек адамы екенін айтып, елеусіз қалдырмай, әлеуметтік-

құқықтық мәселелерін ескеруіміз керек. Олар біздің ағайын-бауырларымыз, әлбетте, рухани кедейліктен де ада болуы аса қажет.

Меркі-Кеген жайлауында малшы ағамыз «Қойды дронмен немесе мопед-мотоциклмен бағатын адамдар бар» деп қалды. Бұл да малшы жұмысын сәл де болса жеңілдетер. Алайда таулы, қалың нулы, құмды өлкеде, түрлі табиғат құбылысында, қарлы, жаңбырлы жағдайда тәулік бойы ұйықтамауға дайын малшыны ауыстыра ала ма?! ...Мойынқұмда шопандардың атасы, екі мәрте Еңбек Ері Жазатаның – Жазылбек Қуанышбаевтың еңселі ескерткіш тұғырын және Жамбыл облысы, Талас ауданының орталығы – Қаратау қаласында 60 шопан, Социалистік Еңбек Еріне қойылған бюст-белгіні көргенде ең әуелі еліне құт болған бейнет иелері еске оралады. Сол кісілер туралы жазылған небір қалың роман-поэмалар, арнау өлеңдерді, әндерді де құрметпен ойлайсың. Өткен кезең мен өмірдің ұмытылмас сәттері ғой.

Еңбек қоғамының саясаты да ашық болуын барша адам құптайды. Амандық болса, байтақ даламызда мыңғыртып қой баққан, өндіріс жағын жаңа технологиялармен дамытқан ойлы, күшті, осы саладағы өзгерісті жүзеге асырған аса дәулетті адамдарды сол ауылдың және жаңа дәуірдің марғасқалары дей алатын шақ туады әлі. Ақындар да адал еңбек адамдар жайында жаңа жырлар жазады әлі...

**Мейрамбек
ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
қоғам
қайраткері



(Соңы. Басы өткен санда)

Қала көшелерін жаяу аралап болғасын, іс жүзінде қызметтік аралауды қай жерден бастасам екен деп біраз ойланып, өзіне-өзі сауал қойды. «Қызылордада бұрын республикалық жетімдер үйі болған,

кеңсе алдында жеңіл көлігінің есігін ашып қойып, әрлі-берлі жүр екен. «Ассалаумағалейкүмнен» кейін мәшинесін нұсқады.

– Менің көлігіме отыр, жетімдер үйін көрейік, – деді. – Жетімдер үйіне, – деп шопырына иек қақты.

– Ол қай көшелердің қиылысында еді? – деді шопыр аспай-саспай.

– Жетімдіктің не екенін білмейтін боп тұрсың ғой. Тоқта! – Еркін мәшинеден ытқып шығып, жол жиегінде таяққа сүйенген кейуананың қасына келді.

– Шешей, аман-есенсіз бе? – деді қолын ұсынып. – Детдом қай жерде екенін білесіз бе?

Қалт-құлт етіп тұрған кейуана



талай-талай қасқа мен жайсаң осы үйдің қабырғасынан түлеп ұшқан. Жетімдер үйі әлі де бар. Әуелі жәутең көздердің жағдайын білейін». Дуанбасына телефон соғып, «шұғыл келіп кетіңіз» деп өтініш айтты. Дуанбасы алып-ұшып жетті, көңілінде күдік бар, оның үстіне атқан оқтай турашылдығымен ел аузында сөз болған бөгде адам не дер екен деген сауал да жанын жеп әбігерге түсірді. Ол келгенде бірінші

бір рет жолыңыз түскен жоқ па? – деді бірінші жылдамдықты азайтып, қайда бұрыларын білмей алабұртқан жүргізушіге қарап.

Дуанбасының мүләйім даусы шықты.

– Жол түспей жүр. Айналысатын орынбасарым бар.

– Жетімдердің саны қанша?

– Үш жүзге таяп қалар, – деп міңгір етті де, жүргінші жолында кетіп бара жатқан сәбилерге қарады.

АЛА ТАЯҚ

– Менің Қызылордаға келгеніме жеті күн болды. Сенің келгеніңе ше? – деді дуанбасыға қарап.

– Биыл бесінші жыл.

– Саған ше? – деді шопырына жүзін тіктеп.

– Мен судай жаңамын. Жаңа мәшине, жаңа шопыр, – деді бастығынан ықпай. Көзінде «көп болса шығарып жіберерсің, шопырға бір мәшине табылар» деген сенімнің ұшқыны көрініп тұр.

– Сонымен, қай көшеге шығайын, – деді артта отырған дуанбасыға мойнын бұрып.

Ол үндемеді.

– Бес жылда детдомға

қолын шошайтты.

– Тура жүр де, солға бұрыл. Майлин мен Полторацкий көшесінің қиылысында. Онда не боп қапты? Тыныштық па? Өзім шыққан үй ғой, – деп кейуана бақырайып қарап қалды.

– Рахмет, шешей, баратын жеріңізге жеткізіп салайын.

– Жоқ, қалқам, мен бой сергітуге шықтым.

Дуанбасы мәшине ішінде отырып жүрегі дүрсілдеп, терезе әйнегін төмен түсірді.

Жетімдер үйінде 530 мұңлық бар екен. Бәрі де бір-ақ нәрсені сағынады, ол – ата-ананың мейірімді кейпі мен жылы сөзі. Тосыннан кеп өздерін еркелете сөйлеген кісіге бәрі ауыздарын ашып қарады.

– Суға түсесіңдер ме? Жүзу білесіңдер ме? – деп сұрады жаутаң көздерге қарап.

– Жоқ, бізге оны кім үйретеді?

– Сырдарияны білесіңдер ме?

– Білеміз. Бізге тиіп тұр, өте жақын. Бірақ бізді оған кім жібереді.

– Бәрің сол өзенге түсіп, жүзу үйренесіңдер, – дегенде, «Ур-ра!» деп шу ете қалған дауыс төбе құйқасын шымырлатып жіберді.

Осы тосын келісі Еркіннің көңілін құлазытып, болмаған

балалық шағын көз алдына тартты, біраз мәселені бағдарға алып, күн тәртібіне жоба жасады. Қамкөңілдердің тамағы мен дене тәрбиесінен кейін ертең осы жерден түлеп ұшқандар қай кәсіптің тізгінін ұстап, қандай мамандық таңдар екен, сол үшін не істеуіміз керек деген түйінді де жүрек қалтасына салып қайтты.

– Жетімдік пен Сырдарияның қадірін білмейді екенсіңдер, – деді қайтар жолда артқы орындықта қатар отырған дуанбасыға сөз сілтеп.

Ол көйлегінің үстінгі түймесін ағытып, терезені барынша ашты.

Күн бата дуанбасының жүрек талмасы ұстады...

Енді аудандарды аралау керек. Сегіз аудан бар екен. Оңтүстігі – шипалы батпағымен жер-жаһанға мәлім Жаңақорған болса, батысы – «балығы тайдай тулаған» Арал. Ресейге іштері қабысқан аштық жылдарында аралдықтар отыз вагон балық жібергенін солар біле ме екен? Ортасында ақ күріші жайқалған Шиелі. Ауыл шаруашылығы Академиясында оқып жүргенде Сырдың ақ күріші жайлы тамсана айтқан академик Бараевтың бейнесі көз алдына келді, ел-жұрты «қазақы салы» деп атаған әйгілі ақ маржанға ғылым «Узрос» деп атау беріп, 269 деп нөмірмен тізбектеді. Соғыс жылдары осы Сыр күріші майданды асырап, тіпті өнім күріштің отаны – Куба мен Вьетнам, Жапония мен Қытайдан да асып түсті. Сонда өмірден өтіп кеткен диқан Ыбырай Жақаевтың бейіті бар. «Сол кісінің басына барайын. Мәскеуде, студент кезімде ауыл шаруашылығы көрмесінде көріп едім. Екінші рет министр кезімде бір кеңесте кездестім. Еліне жер ауып келген кәріс ұлтынан күріш егудің сырын үйренген біртуар ғой. Басына барайын».



Шиелі қаладан 120 шақырым жер екен. Қан тамырындай тартылған темір жолмен қатар жүйіткіген жеңіл көлік отарбамен жарысқа түскендей қалысар емес. Қос рельс Сібірге дейін барып тіреледі. Қазақ темір жолының құдіреті де осы. «Осы... әліге дейін пойыз көрмеген қазақ балдары бар, соларды пойыз бен самолеттің оқуына оқыту керек ғой. Солар қашанғы нәшәндік мілитса, ГАИ, сот пен прокурор болуды армандайды екен? Солар өз пойызын өзі айдап, өз самолетін өзі ұшыратын кезге жеткен жоқ па?» деп жүйіткіген пойызға қарап ой кешіп отырғанда, қыстаққа кіре берісте алдарынан отарбаға жол беріп тұрған «Тоқта!» деген жазуы бар теміржолдың ала таяғы тартылды. Шопыр «обкомдығын» көрсетіп, қоңыздай тізілген көлікті баса-көктеп, алға тырмыса бергенде Еркін шаңқ ете қалды.

– Тоқта, кезекті күт, – деді шопырға. – Сенің мәшинеңнің қай жері артық? Сенікі де бір мотор, төрт дөңгелек емес пе?

Шопыр жігіт тежегішті кілт басып, қатарға тұрды, тұмсығы дәл алдындағы төрт тонна салмағы бар жүк мәшинесін жанап өтті. Жүк

мәшиненің жүргізушісі есіктен басын шығарып:

– Әй, неге кезек күтпейсің, не, өлуге асығып жүрсің бе? Әй, шешеңнің... – деп шорт қайырды.

– Біздің ауыл осындай, – деп артына мойнын бұрып, хатшыға қарады.

Хатшы тыңайтқыш тасыған шопыр жігіттің сөзіне разы боп езу тартты.

– Кезек күту керек, обкомның мәшинесі аспаннан түскен жоқ, – деді жәй ғана.

«Сен де анау екенсің ғой». Дегбірі кетіп, құмырсқаша жылжыған мәшинеге сығырая қараған шопыр жігіт жанқалтасынан алған насыбай шақшасын түбінен қағып, бір атым көк бұйра кәйіпті ерніне тастады...

Диқан атаның аулы аудан орталығына тиіп тұр екен, бар болғаны екі-ақ шақырым. Аупарткомға кіріп, нөкерлерін ертіп, осы ауылға келді. «Жиналысқа асықпаңдар», – деді тақырыпсыз мәслихат күтіп, тапырақтап жүргендерге қарап. Диқан ата зираты да ауыл ортасында екен, гүл қойып, тізе бүгіп, тағзым етті. Дәл түбінде «Құрмет тақтасы» ілулі тұр. Кесенеден кетерде: «Өліге деген құрметтерің зор екен, мына тірілер

АЛА ТАЯҚ

тізілген «Құрмет тақтасын» әруақтан аулақтау жерге ілуге болмай ма?» – деп сөз тастады. Іле тізілген еңбек озаттарының бейнесін жұлып тастап, «Құрмет тақтасының» орны үңірейіп бос қалғанын кетіп бара жатқанда көзі шалып қалды. «Е-е-й, жоспарды асыра орындап, міндеттемені мойнына ілген қара қазағым-ай, қалай жылдамсыңдар, сендердей орындаушы да, науқаншыл да халық жоқ шығар жер бетінде» деп үңірейіп бос қалған көп суреттің орнын көріп, көңілі тағы да ойсырап, ойға шомды.

Түс әлеті боп қалыпты. Диқан атаға тәу етіп, бейіт топырағын ұстап, көңілін демдеді, енді аудан жұртшылығымен кездесіп, бұ кісінің күріш өсірудегі тәжірибесін, топырақпен өзінше тілдесіп, соның

арқасында жапон мен қытай, вьетнам мен қубалықтардан гөрі сабағынан иілген салмақты дәнді қалай артық өсіргенін айтуым керек деп ой түйіп келе жатқанда аупартком бірінші хатшысы:

– Түс боп қалды, Ереке, Ыбекеңнің үйіне барып дәм татайық, – деді тосырқай қарап.

– Мен біреудің үйіне барып түстік ішетін қонақ емеспін. Асханаға барып ауқаттанайық, – деп солтүстіктің мақамына сап тоқетерін айтты.

Ауылда асхана жоқ. Ыбырайдың қара шаңырағында буы аспанға көтеріліп, былқылдап ет қайнаған қара қазанды бәрі жабыла көтеріп, балалар бақшасының асханасына алып келді. Жақын жердегі кеңсе мен клубтағы арқалығы бар

отырғыштың бәрін осылай қарай тасыды.

Облыс басшысының алдына тісін ақситып қара қойдың басын қойды. «Көре-көре көсем болған» жаңа басшы әбден қайнап пісіп, терісі сыпырыла бастаған қазақы қойдың құлағында дөңгеленіп ізі қалған сырғаның таңбасын көзі шалып қалды.

– Мынау колхоздың қойы ғой, шоққа үйітіп, қазанға қайнаса да, сырғаның ізі қалып қойыпты. Таңбаның қасиеті де осы емес пе? Демек колхоздың қойының саны бір басқа кеміді. Оның орнын енді қалай толтырасыңдар? Сойсаңдар, қораларыңдағы жеке малдарыңды неге соймайсыңдар? Мен қой соятын қонақ емеспін, қызмет бабымен жүрген адаммын.



Бәйімбетов жолдас, – деп аупартком басшысына қарады, – тек соңғы бір жылда қонақ үшін колхоз-совхоздан қанша малдың басы кесілді. Мен кеткенше соның есебін беріңдер. Оның санын анықтау түк те қиын емес.

Аупартком басшысы қипақтап ауатком төрағасына қарады. Ауатком төрағасы бозарып басын изеді.

Бастың құйқасынан бір кесіп ап аузына салған Еркін тағы да тіл қатты:

– Іргелі елсіңдер, миллионер колхозсыңдар, бір Жақаевтың атының өзі неге тұрады. Осы ауылға менің министр кезімде Мирсаид Миршакар да келді. Сонан бері жиырма жыл уақыт өтіпті. Сыр бойына табан тіреген қасқабас ғалым да, қаламы жүйрік ақын-жазушы да осы ауылға бас бұрмай кетпейді. Қонаев та талай келді. Неге бір асхана соғып алмайсыңдар? Қашанғы Жақаевтың үйінен жабылып қазан көтеріп жүресіңдер. Қазір де, міне, кішкентайлардың орнын тартып алып отырмыз.

– Дұрыс-ақ, жөн сөз, – деді аупартком басшысы.

– Келесі жылдың бюджетіне кіргіземіз, – деді ауатком төрағасы.

– Құрылысты биыл бастаңдар, қосымша бюджетті бекіте жатасыңдар.

– Жөн, жөн сөз, – деп дастархан басы жамырап кетті.

...Сонан бері бұл ауыл мен бұл өңірде жаяу қонаққа қойдың басы қойылмайтын болды.

Еркін Шиеліден еркін ескен самал желдей көтеріңкі көңілмен қайтты. Қаншама қазақы сөз естіп, мән-мағынасын қарапайым тіршілікпен салыстырды, «күріштің арқасында күрмек су ішеді» деп біреу айтып қалған мәтелдің тұжырымын іштей талдады, арамза пейілі жоқ аңқау жұрттың болмысына тәнті болып,

өзінің кіндік қаны тамып, қанатын қомдаған солтүстікпен де салыстырып көрді. Қаланың жарты жолына дейін шығарып салмақшы болған әкімқараларды пойызды өткеріп жіберер тораптағы ала таяққа жеткен жерде тоқтатты.

– Сендер мені шығарып салам деп әуреге түспеңдер. Уақытты өлтірмеңдер. Бұған кеткен уақыттарыңды тиімді нәрсеге жұмсаңдар. Мен мына ала таяқ көтерілгенде өзім-ақ өтем, шопырым жол біледі. Жалпы аэропорт пен вокзалдағы шығарып салу мен күтіп алуға тиым салу керек. Әркім өз міндетін атқарсын, – деп мәшинесіне отырды.

«Гө-ө-к!» деп ел-жұртқа бір сәлем беріп, дүрсілдеп пойыз кеткесін, 11 деген жергілікті нөмірі бар обком мәшинесі қос рельстің кедір-бұдырын қойқаңдап басып өтіп, Ақмешіт қайдасың деп тартып отырды. Көңілі пәс аудан басшысы пойыз бен мәшиненің түтініне малынып, ақ жолағы қарайып, қызыл жолағы көрінбей шолтаң етіп көтерілген ала таяққа көзін сата қарады.

– Мынаны сырлап қоймайсыңдар ма? Қызылы да, ағы да көмескі тартып кетіпті ғой, – деп көлігінің алдына сылқ түсіп отыра кетті.



Көнерген ала таяқ қан тамырындай тартылған қос рельстің төбесінен көрінер-көрінбестей боп кірге малшынып төніп тұр.

Ауатком төрағасы күркеге тығылған өткел күзетшісін қол бұлғап шақырып ап, ала таяқты нұсқап, бір нәрселерді айтып жатыр...



Қуандық ТҮМЕНБАЙ,
жазушы



ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ



**Бас редактор —
директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)